

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібінде әкімшілік айыппұл төлеу туралы түбіртек нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 22 тамыздағы № 373 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 24 қыркүйекте № 9748 тіркелді.

РҚАО-ның ескерпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 811-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібінде әкімшілік айыппұл төлеу туралы түбіртек нысаны бекітілсін.

2. Кірістерді талдау және салық және кеден заңнамасы мәселелерін үйлестіру департаменті (У.Әмірханұлы):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

_____ Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2014 жылғы 22 тамыздағы
№ 373 бұйрығымен бекітілген
Нысан

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібінде әкімшілік айыппұл төлеу туралы түбіртек № _____

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 10.03.2026 № 166 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____ жылғы " ____ " _____

(берілген күні) (берілген орны)

Оған қатысты іс қозғалған адам туралы мәліметтер:

Тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), (заңды тұлғаның атауы)

Тұрғылықты жері (заңды мекенжайы) _____

ЖСН* _____ БЖН* _____

Бенефициар (мемлекеттік кірістер органы): _____

Бенефициар БЖН* _____

Бенефициар Банкі: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қазынашылық комитеті

ЖСК* KZ24070105KSN0000000 Бенефициар Банктің БСК* ККМФКЗ2А

БСК*	ТМК*	Сома сандармен елу пайыз мөлшерінде (толық жазылуы тиіс)
------	------	--

Төлем мақсаты:

№ _____ ериялы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама бойынша әкімшілік айыппұл

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті орган

Хаттаманы толтырған және түбіртекті берген адамның лауазымы, тегі және аты-жөні

Айыппұлды төлеу мерзімі _____ жылғы " ____ " _____ дейін (қоса алғанда)

Құқық бұзушының қолы (заңды тұлға өкілі) _____

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібінде әкімшілік айыппұл төлеу туралы түбіртектің түбірі № _____

_____ жылғы " ____ " _____ (берілген күні) (берілген орны)

Хаттаманы толтырған және түбіртекті берген адамның лауазымы, тегі және аты-жөні

Тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), (заңды тұлғаның атауы) _____

Тұрғылықты жері (заңды мекенжайы) _____

Жеке басты куәландыратын құжат (мемлекеттік тіркеу нөмірі және күні): _____

(құжат атауы, сериясы, нөмірі, берілген күні, кім берген)

ЖСН* _____ БЖН* _____

Бенефициар (мемлекеттік кірістер органы): _____

Бенефициар БЖН* _____

Бенефициар Банкі: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті

ЖСК* KZ24070105KSN0000000 Бенефициар Банкі БСК* ККМФКЗ2А

БСК*	ТМК*	Сома сандармен елу пайыз мөлшерінде (толық жазылуы тиіс)
------	------	--

Айыппұлды төлеу мерзімі _____ жылғы " _____ " _____ дейін (қоса алғанда).

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 811-бабының (бұдан әрі – ӘҚБтК) 810 және 811-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізудің негіздемесі мен тәртібі маған түсіндірілді, түбіртекті алдым

_____ (құқық бұзушының қолы)

_____ (хаттаманы толтырған және түбіртеккі берген адамның қолы)

Айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібінде әкімшілік айыппұл төлеу туралы түбіртек № _____

_____ жылғы " _____ " _____ (берілген күні)

Оған қатысты іс қозғалған адам туралы мәліметтер:

Тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), (заңды тұлғаның атауы) _____

Тұрғылықты жері (заңды мекенжайы) _____

ЖСН* _____ БЖН* _____

Бенефициар (мемлекеттік кірістер органы): _____

Бенефициар БЖН* _____

Бенефициар Банкі: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қазынашылық комитеті

ЖСК* KZ24070105KSN0000000 Бенефициар Банкі БСК* ККМФКЗ2А

БСК*	ТМК*	Сома сандармен елу пайыз мөлшерінде (толық жазылуы тиіс)
------	------	--

Төлем мақсаты:

№ _____ айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама бойынша әкімшілік айыппұл

Нұсқаманы ресімдеген органның атауы _____

ӘҚБтК 811-бабының бірінші бөлігіне сәйкес егер әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдарымен және аспаптарымен тіркелген жағдайда, тұлға белгіленген үлгідегі түбіртекпен бірге айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы

тиісінше жеткізген сәттен бастап көрсетілген айыппұл сомасының елу пайызы мөлшеріндегі айыппұлды жеті тәулік ішінде төлеу құқығы бар.

Айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібінде әкімшілік айыппұл төлеу туралы түбіртектің түбірі № _____

_____ жылғы " ____ " _____ (берілген күні)

Нұсқаманы ресімдеген органның атауы _____

Оған қатысты іс ресімделген адам туралы мәліметтер:

Тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), (заңды тұлғаның атауы) _____

Тұрғылықты жері (заңды мекенжайы) _____

Жеке басты куәландыратын құжат (мемлекеттік тіркеу нөмірі және күні):

_____ (құжат атауы, сериясы, нөмірі, берілген күні, кім берген)

ЖСН* _____ БЖН* _____

Бенефициар (мемлекеттік кірістер органы) _____

Бенефициар БЖН* _____

Бенефициар Банкі: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қазынашылық комитеті

ЖСК KZ24070105KSN0000000 Бенефициар Банкінің БСК* ККМФКZ2А

БСК*	ТМК*	Сома сандармен елу пайыз мөлшерінде (толық жазылуы тиіс)
------	------	--

ӘҚБтК 811-бабының бірінші бөлігіне сәйкес егер әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдарымен және аспаптарымен тіркелген жағдайда, тұлға белгіленген үлгідегі түбіртекпен бірге айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы тиісінше жеткізген сәттен бастап көрсетілген айыппұл сомасының елу пайызы мөлшеріндегі айыппұлды жеті тәулік ішінде төлеу құқығы бар.

ӘҚБтК 811-бабының екінші бөлігіне сәйкес айыппұлды көрсетілген айыппұл сомасының елу пайызы мөлшерінде жеті тәулік ішінде төлеген жағдайда іс мәні бойынша қаралды, шешім заңды күшіне енді, ал адам әкімшілік жауаптылыққа тартылды деп есептеледі.

ӘҚБтК 47-тарауында көзделген жағдайларды қоспағанда, 42-тараудың қағидалары бойынша қаралған іс қайта қаралуға жатпайды.

Сондай-ақ, ӘҚБтК 811-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, осы баптың бірінші бөлігінде көзделген құқық пайдаланылмаған немесе тиісінше пайдаланылмаған жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу жалпы тәртіппен жүзеге асырылады.

Әкімшілік айыппұл төленбеген жағдайда, борышкерге қатысты "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәжбүрлеп орындау шаралары қолданылады.

Әкімшілік айыппұлды төлемей Қазақстан Республикасынан шығып кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты "Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасына кіруге тыйым салу туралы шаралар қабылданады.

*Ескертпе:

ТМК – төлем мақсатының коды

БСК – банктік сәйкестендіру коды

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды

БСК – бюджет сыныптамасының коды

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі

БСН – бизнес - сәйкестендіру нөмірі.